Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

6-ТАҚЫРЫП: Әлеуметтік педагогиканың әдіснамасы: әдіснамалық негіздері; әдіснамасының мәселелері; әлеуметтік педагогиканың тарихы

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ
ДҮЙСЕНБАЕВ АБАЙ ҚАБАҚБАЙҰЛЫ

Дәріс жоспары

1. Әлеуметтік педагогиканың әдіснамасы: әдіснамалық негіздері
2. Әлеуметтік педагогиканың тарихы

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

жеке тұлға | әлеуметтендіру | фактор | адам капиталы | қалыптасу | қозғаушы күштер | тұлға қалыптасуының заңдылықтары

Басқа пәндермен байланысы



Гносеологиялық негіздері

Гносеологиялық негіздер (әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарды танып-білу) – әлеуметтік педагогика әдіснамасының аса маңызды құрамдас бөлігі

ОЛАР НЕНІ АНЫҚТАЙДЫ

1. **Теориялық білім**
2. **Бөлімдері**
3. **Факторлары**
4. **Қайшылықтары**
5. **Үрдісі мен заңдылықтары**
6. **Кеңістік өрісі**

Гносеология – таным теориясы

gnosis
(грек.) – таным

+

logos
ұғым, ілім

→

Гносеология

Философияның алғашқы даму кезеңдерінен келе жатқан сала

НЕНІ ҚАРАСТЫРАДЫ

- адамның танымдық ізденістерінің табиғаты
- білімнің шындыққа қатынасы
- білімнің мәдениет пен байланыстар жүйесіндегі орны
- білімнің даму шарттары
- ақиқат өлшемі
- шынайы білімге жету заңдылықтары мен әдіс-тәсілдері

Әлеуметтік педагогика практика ретінде

Әлеуметтік даму	Ортаны педагогикаландыру	Тұлғаны ортаға қосу
• әлеуметтену • әлеуметтік тәрбие • әлеуметтік құрылу • әлеуметтік қалыптасу • әлеуметтік шынығу	• ауыл, қала, ірі қаланың әлеуметтік-педагогикалық инфрақұрылымын құрылымдау	• жеке тұлғаны әлеуметтік ортаға қосу • әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу

Бұл әлеуметтік педагогиканы басқа ғылымдардан ажыратады және оның негізгі бөлімдерін ғылыми пән ретінде негіздейді

Әлеуметтік педагогиканың ғылыми негізі

XIX ғ. «Әлеуметтік педагогика» ұғымын неміс педагогы **А. Дистервег** енгізді

ЕКІ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ БАҒЫТ

П. Наторп	Г. Нол, Г. Боймер
қоғамның тәрбиелік күштерін интеграциялау арқылы халықтың мәдени деңгейін көтеру	қараусыз қалған балаларға әлеуметтік көмек, оларды қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу

АНЫҚТАМАЛАР

Жалпы: қоршаған ортаның тәрбиеге әсері туралы ғылым

А.В. Мудрик: адамның бүкіл өмірі барысындағы әлеуметтік тәрбиені қарастыратын ғылым

Идеяларын дамытушы ғалымдар

С.Т. Шацкий | В.Н. Шульгин | М.В. Крупенин | А.Г. Калашникова | А.П. Пинкевич

С.Т. Шацкий:
- мектептің әлеуметтік рөлін негіздеді
- кіші ортада біртұтас тәрбие үдерісін ұйымдастыруды теориялық тұрғыдан айқындады

1930 ЖЫЛДАРДЫҢ СОҢЫ

Мектеп тек оқу-тәрбие үдерісін жақсартуға назар аударды → **Әлеуметтік педагогика саласындағы зерттеулер кейінге ысырылды**

Әлеуметтік педагогиканың бастаулары

Бастауы – **халықтық педагогика**

Шығыс ғұламалары	Классик педагогтар
әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Қ.А. Ясауи Адам тәрбиесі оның әлеуметтік ортасын қалыптастырумен байланысты	**Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, И. Гербарт, А. Дистервег, К.Д. Ушинский** Тәрбиенің қоғамдық-әлеуметтік ортадағы рөлі; тәрбие нәтижесі қайырымдылық пен мейірімділікпен айқындалады

Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!